

Қорғаныш киімдердің қолдану ережелері



Қорғаныш киімдеріне:

❖ Халат, алжапқыш



❖ Резеңкелі қолғап (перчатка)



❖ Бетперде (маска)



❖ Қалпақ



Халат, алжапқыштар – күтім жұмыстарына қолдану, инфекцияның берілуінің алдын – алу үшін қажет. Ол әрбір процедуранан кейін, науқастың төсек орнын ауыстырғаннан кейін де ауыстырылуы қажет.



UNRB
УНРБ



too-ast-farma.satu.kz

Резеңкелі қолғап(перчатка)

- таза және залалсыздырған күйінде қолданады.


Кию көрсеткіштері:

- Әртүрлі ағзадан бөлінетін биологиялық сұйықтықтармен жанасу кезінде(қан, ерлер ұрығы, мұрыннан, қынаптан бөлінген бөлініс)
- Науқастағы тері қабатының кесілген бөлігімен жанасқан кезде немесе жарақат болу кезінде кию
- Медициналық құралдармен жұмыс істеу барысында кию міндетті



Бетперде (маска) — ауа арқылы келетін әртүрлі инфекция микробтарынан (10% жуығын) қорғайды. Төрт қабатты дәкеден жасалған немесе матадан жасалған маска киілуі қажет. Егер бетперде адам бетіне жабысып тұрмаса, онда қорғау тіртібі бұзылады.

Ескерту!!! Масканы 2 сағаттан артық тағуға болмайды. Және оны ылғалданғанға дейінгі күйге жеткізбей, ауыстыру керек.



Қорғаныш көзілдірік және
қорғаныш маска — көз, ауыз қуысы,
мұрын қуысын қан, биологиялық
сұйықтық түспеуінен қорғайды



Қорғаныш киімдерін кию

1. Подставкаға операциялық жабдықтары бар залалсыздандырылған биксті орналастыру.
- 2. Сыртқы бейнесіне қарап бикстің залалсыздануын, маркировкасын тексеру.
- 3. Көмекші немесе педаль көмегімен биксті ашу.
- 4. Залалсыздандыру индикаторларын залалсыздандырылған корнцанг арқылы алып, жағдайын тексеру.
- 5. Залалсыздандырылған корнцанг арқылы ақ жайманың ішкі қабаттарын ашып тастау (бикстің шеттері жабық тұру керек)
- 6. Залалсыздандырылған корнцанг арқылы ашық бикспен залалсыздандырылған қосынканы немесе қалпақты алу.



8. Залалсыздандырылған корнцанг арқылы масканы алып, жіптерін байлау. (Төменгі бөлігін бастың төбе сүйек аймағында, жоғарғы бөлігін шүйде аймағында)

- 9. Бикстің қақпағын жабу.
- 10. Қолды ағынды сумен жуып кептіру, антисептикпен өңдеу.
- 11. Көмекші немесе педаль көмегімен бикстің қақпағын ашу, қолмен оралған халатты алу.
- 12. Мойын жағынан халатты ұстап тұрып халатты ашу (залалсыздандырылған халаттың сыртқы жағы киімге, көрші заттарға тимеу керек)
- 13. Халаттың ішкі жағын өзіне қарату.
- 14. Екі қолға халатты кигізу, қолды жоғары көтеру керек, жанына көмекші халаттың ішкі жағынан ұстап дұрыстайды, байламдарын байлайды.
- 15. Қолдағы байламдарды өз бетімен байлайды, басында сол қол сосын оң қолды.



- *16. Байламдарды халаттың жеңінің ішкі жағына салады.*
- *17. Оң жақ қалтадан белдікті алып 30 см арақашықтықта ұстап, бір жақ шетінен 15 см-ден қалдырып отырады.*
- *18. Көмекшіге белдіктерді әперу (шеттерін ақырын алады, белдікті халаттың беліне байлайды)*





Қолды өңдеу деңгейлері

Қолды өңдеу деңгейлері

Антисептиксіз

(антисептик қолданбай, жай сабынмен жуу)

Антисептикті

(антисептик қолдану арқылы)

Хирургиялық

1. Антисептик қолданбай, қолды сабынмен және сумен жуу

Жүргізілу көрсеткіштері:

- Тамақ өнімдерін дайындау, тарату
- Тамақ ішу алдында
- Дәретханаға барғаннан кейін
- Пациенттермен тікелей жанасу болмаған кезде, төсек ауыстырып, киім жинап болғаннан кейін
- Тері жабыны зақымданбаған науқаспен жанасқаннан кейін

Керекті құралдар:

- дозаторы бар құтыдағы сұйық сабын
- бір рет қолданылатын сілгілер немесе майлықтар



Алгоритм әрекеттері

1. Су құбыры кранын ашу
2. Қолды сумен сулау
3. Ылғал қолға сабынды ағызу
4. **EN-1500** еуропалық стандартқа сәйкес қолды өңдеу
5. Қолды бір рет қолданылатын сүлгімен немесе майлықпен жақсылап құрғату
6. Сүлгіні қалдықтар салуға арналған сыйымдылыққа салу



2. Антисептик қолдану арқылы қолды өңдеу Жүргізілу көрсеткіштері:

- Инвазиялық процедураларды орындау алдында және орындағаннан кейін;
- Пациенттің тері жабынын бұзатын манипуляциялар жүргізу алдында және кейін;
- Жарақаттармен және катетерлермен манипуляциялар алдында және одан кейін;
- Инфекциялық және паразиттік аурулардың белгілері бар пациенттермен жанасу алдында және кейін;
- Жаңа туылған сәбилерді қарау алдында;



Антисептикпен қолды өңдеу

Сабынмен жуу

Қолды
ұсынымның 8-
тармағына
сәйкес сабындау

Тері антисептигімен дезинфекциялау

Қолға 3мл
антисептикті жағу
және стандарт
бойынша қолды өңдеу,
тері құрғағанша
сүлгімен сүрту

3. Қолды хирургиялық деңгейде зарарсыздандыру

Жүргізілу көрсеткіштері:

1. Кез-келгкен операциялық араласулар алдында
2. Маңызды инвазиялық емшаралар алдында(мысалы, ірі тамырларды пункциялау)

Жүру сатылары:

- Механикалық тазалау
- Тері антисептигімен дезинфекциялау
- Стерилденген қолғапты кию



1. Қолдың буындарын және қолды EN-1500 стандарты бойынша қозғалыс жүйелілігін сақтай отырып, сұйық сабын қосып, жылы сумен шаяды және стерильді сүлгімен немесе майлықпен құрғатады. Кейін тырнақ ұяларын және тырнақтың жан – жағын антисептикпен суланған бір рет қолданатын ағаш таяқшалармен өңдейді.

2. Механикалық зарарсыздандыру біткеннен кейін қолдың буындарына 3 мл-ден аз емес антисептик жағылады және EN-1500 стандарты бойынша қозғалыс жүйелілігін қатаң сақталады



Ладонь к ладони, включая запястья



Правая ладонь на левую тыльную сторону кисти и левая ладонь на правую тыльную сторону кисти



Ладонь к ладони рук с перекрещенными пальцами



Внешняя сторона пальцев на противоположной ладони с перекрещенными пальцами



Кругообразное растирание левого большого пальца в закрытой ладони правой руки и наоборот



Кругообразное втирание сомкнутых кончиков пальцев правой руки на левой ладони и наоборот



Алгоритм әрекеттері

□ Ең алдымен қолғабымыздың **жарамдылық мерзімін** тексеруіміз қажет

□ Әр адамның өз қол өлшемі болатыны белгілі. Қолғаптың сыртқы бөлігінде бізге керекті **өлшем бірліктің** барын тексеру қажет.

Кейін қолғаптың жоғарғы бөлігінде қолғап қабын ашуға арналған **ұстағышы** болады.

Осы ұстағыш арқылы қапты ашуымыз қажет.




Қолғапты қабынан алып, **қапты А сыныбына** тастауымыз қажет.

Бұл процестер қолды өңдемес бұрын жасалуы тиіс



Зарарсыздандырылған қолғапты кию ережесі:

1. Зарарсыздандырылған қаптамадағы қолғапты алып, бүктеуін жазыңыз
2. Қолды антисептикпен өңдеңіз
3. Оң қолға арналған қолғаптың қайырмасын сол қолмен алыңыз. Саусақтарыңыз қолғаптың сыртына тимеуі тиіс
4. Оң қолдың саусақтарын сығылыстырып қолғапқа енгізіңіз
5. Қайырмасын жазбай, қолғапты киіңіз



6. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарын сол қол қолғабының қайырмасына енгізіңіз

7. Оң қолдың 2, 3, 4-ші саусақтарымен сол жақ қолғаптытік ұстаңыз

8. Сол қолдың саусақтарын сығылыстырып енгізіңіз

9. Сол қолдың қайырмасын халат жеңіне қарай тартыңыз



10. Оң қолдың қайырмасын да жоғары көтеріңіз



Зарарсыздандырылған қолғапты кию

ережесі:

1. Зарарсыздандырылған қаптамадағы қолғапты алып, бүктеуін жазыңыз
2. Қолды антисептикпен өңдеңіз
3. Оң қолға арналған қолғаптың қайырмасын сол қолмен алыңыз. Саусақтарыңыз қолғаптың сыртына тимеуі тиіс
4. Оң қолдың саусақтарын сығылыстырып қолғапқа енгізіңіз
5. Қайырмасын жазбай, қолғапты киіңіз
6. Оң қолдың 2-ші, 3-ші, 4-ші саусақтарын сол қол қолғабының қайырмасына енгізіңіз
7. Оң қолдың 2, 3, 4-ші саусақтарымен сол жақ қолғапты тік ұстаңыз
8. Сол қолдың саусақтарын сығылыстырып енгізіңіз
9. Сол қолдың қайырмасын халат жеңіне қарай тартыңыз
10. Оң қолдың қайырмасын да жоғары көтеріңіз





Зарарсыздандырылған қолғапты шешу ережесі:

1. Оң қолдың саусақтарымен сол қолғапқа, оның тек сыртқы жағына ғана жанаса отырып, қайырма жасаңыз
2. Сол қолдың саусақтарымен оң қолғапқа, оның тек сыртқы жағына жанаса отырып қайырма жасаңыз
3. Сол қолдағы қолғапты теріс айналдыра отырып шешіңіз
4. Сол қолмен оң қолдың қолғабының ішкі жағынан ұстап жоғары тартыңыз

5. Нәтижесінде екі қолдап бір-бірінің



РЕБУ



Сұрақтар

ИӘ

ЖОҚ

1. Науқаспен тікелей жанасу болмаған кезде Антисептикті қолдану қажет
2. Резеңкелі қолғап ауа арқылы келетін микробтардан қорғайды
3. Ағынды судың температурасы 35-40°C болуы керек
4. Халатты кимес бұрын қолымызға қолғап киіп аламыз.
5. Оң қолдың қолғабымен сол қолдың қолғабының қайырмасынан ұстауымыз керек
6. Сұйық сабын құтысына үстемелеп сабын құюға болмайды
7. Масканы ылғалданғанша киіп жүру керек